



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
«Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» ҚЕАҚ

МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН НАО «ЕВРАЗИЙСКИЙ
НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л.Н. ГУМИЛЕВА»

«ТРАНСВЕРСАЛДЫ ДАҒДЫЛАР: ТӘЖІРИБЕ, МӘСЕЛЕЛЕР, БОЛАШАҒЫ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ

КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ МАТЕРИАЛДАР

ЖИНАҒЫ

17 сәуір, 2024 жыл

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ

«ТРАНСВЕРСАЛЬНЫЕ НАВЫКИ: ОПЫТ, ПРОБЛЕМЫ, ПЕРСПЕКТИВЫ»

17 апреля, 2024 года



АСТАНА
2024

УДК 378
ББК 74.58
Т66

Асылбекова М.П

**«ТРАНСВЕРСАЛДЫ ДАҒДЫЛАР: ТӘЖІРИБЕ, МӘСЕЛЕЛЕР,
БОЛАШАҒЫ» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ**

ISBN 978-601-337-983-8

Т66 «Болашақ мұғалімдердің трансверсалды дағдыларын дамытудың инновациялық моделін әзірлеу және енгізу (Финляндия, Эстония тәжірибесі негізінде)» тақырыбындағы 2022-2024 жылдарға арналған гранттық қаржыландыру жобасы аясындағы «Трансверсалды дағдылар: тәжірибе, мәселелер, болашағы» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференция. «Трансверсалды дағдылар: тәжірибе, мәселелер, болашағы» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинағы (Астана қ., 17 сәуір, 2024ж.)/ М.П.Асылбекова.© Астана: “Булатов А.Ж.” ЖК, 2024., - 311б.

ISBN 978-601-337-983-8

Жинаққа Қазақстан және шетел ғалымдарының, ЖОО оқытушыларының мектеп мұғалімдерінің, студенттер, магистранттар, докторанттардың мақалалары енгізілген.

В сборник включены материалы международной научно-практической конференции «Трансверсальные навыки: опыт, проблемы, перспективы».

УДК 378
ББК 74.58

ISBN 978-601-337-983-8

© Астана: “Булатов А.Ж.” ЖК, 2024 -ISBN

Редакция алқасы:

Асылбекова М.П. – педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент

Сейітқазы П.Б. – педагогика ғылымдарының докторы, профессор

Сламбекова Т.С. - педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор м.а.

МАЗМҰНЫ

№	Автор(лар), мақала тақырыбы	Беттер
Пленарлық мәжіліс		
1	Асылбекова М.П., Отарова Т.Н. Болашақ мұғалімдердің трансверсалды дағдыларын дамыту тәжірибесі	3
2	Mourat Tchoshanov Designing and studying stem learning in digital age via blended approach of engineering, learning sciences, and didactics	9
3	Ширбачеева Г.Ш. Педагогические вызовы современности: поиск новых подходов к образованию в социокультурной ситуации	12
4	Вахидова Л. В. Теория и технология профессионального развития педагога в контексте трансверсальности	15
5	Кожамкулова Г.Е. Интеграция трансверсальных навыков в содержание куррикулума» (на примере куррикулума Назарбаев Интеллектуальных школ)	20
6	Садикова Ш.А. Теоретико-методологические представления об образовательной среде и основаниях ее проектирования	25
7	Ахмедьянова А.Х. Демонстрация как инструмент оценки профессиональных и трансверсальных компетенций будущих педагогов	30
8	Санатбай П.А. Кәсіби даярлау үдерісінде Soft skills дағдыларын дамыту: шетел тәжірибесі	33
9	Шабаева Г. Ф., Яшина В. И., Чинаева З. М. Инновационная подготовка студентов в полилингвальной и цифровой профессиональной среде по дошкольному профилю в рамках речевого развития детей.	39
10	Baimuldinova G. Thriving in transition: how transversal skills support students in university socium	43
1 СЕКЦИЯ: ПЕДАГОГТЕРДІ ДАЙЫНДАУДАҒЫ ТРАНСВЕРСАЛДЫ ДАҒДЫЛАР: ШЕТЕЛДІК ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ТӘЖІРИБЕ		
11	Сейітказы П.Б., Махмут Читиль, Ырымбаева Н.А. Медиабілім үдерісінде трансверсалды дағдыларды дамыту	51
12	Абильдина С.Қ., Мукушева А.Н., Дагарова Ж.У. Шағын жинақты бастауыш сынып оқушыларының трансверсалды дағдыларын дамытудың теориялық негіздері	55
13	Абдуллаева Н. М. Тенденции развития образования на современном этапе образовательного процесса	58
14	Абдуллаева Н. М., Шербачеева Л.С. Использование технологий 4К для стимулирования ученической мотивации	62
15	Сламбекова Т.С., Шакаримова К. К. Болашақ педагог-психологтардың кәсіби имиджін қалыптастырудағы трансверсальды дағдылардың мүмкіндіктері	66
16	Есекешова М.Д., Тастанбекова Н.Д., Аубакиров А.К. Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде білім алушылардың көшбасшылық қасиеттерін қалыптастыру - басты міндет	72
17	Ботабаева А.Е., Ажибаева Р. Е. Болашақ педагогтердің трансверсалды дағдыларын қалыптастыруда онлайн оқыту платформаларын пайдаланудың маңыздылығы	77
18	Сейітказы П.Б., Кошанова М. Т. Медиа құзыреттілікті қалыптастырудың педагогикалық функциялары	81
19	Шаханова Э.А. Педагогикалық білімнің қолданылу ерекшеліктері	86

20	Otarova T. N., Zhanabaeva A.K. The importance of internet resources in learning	90
47	Молдабай А.М., Саурыкова Ж.М. Issues of terminology systematization»	190
48	Салкынбаева А.М. Тиімді оқыту және тәлімгерлік құпиялары	192
49	Тнимова Ю.М., Нурманалиева У.Т. Compound complex sentences in the english language	196
50	Seisebayeva B.T.,Tolkumbekova A. K. «E-learning as one of the forms of implementation of the learning process»	198
51	Seisebayeva B.T. Peculiarities of development of modern methods in foreign language teaching	202
52	Seitova Z.A. The study relevanceof future teachers’ social intelligence	207
53	Toregeldieva A. N., Tulebayeva S.K. Using a foreign language in information technology in modern conditions	212
54	Хасенқызы Т., Акрамова Ә.С. Білім беруді цифрландырудағы тәуекелдер	215
55	Аканова А. А., Искакова М. О. Оқытудың белсенді әдістері – сапалы білім беру негізі	221
56	Гайбуллаева С. С., Уалиева Н. Жастармен әлеуметтік педагогикалық жұмыстың ерекшеліктері	224
57	Калматаева А. М., Калымбетова Д. Ж. Церебральды сал ауруына шалдыққан балаларға арналған логопедиялық түзету жұмыстарының әдістемесі	229
58	Кошимбетова З. Д., Наурызбай Д. Б., Абдигаппарова А.Е. Вербализм вербальды балаларды диагностикалауға арналған тапсырмалар	233
59	Санбаева Б., Есенова К. Сравнительный анализ процессов социально-педагогической адаптации иностранных студентов в образовательных учреждениях Казахстана и Турции: вызовы, стратегии и перспективы»	235
60	Рсалы Г. М.Даярлық тобы балаларын мектепке дайындау мәселелері	243
61	Кәдірбай Ә. Б., Шамбулкерева Б.Н., Нұрхан Д. Е. Есту қабілеті бұзылған балалардың сөйлеу тілін дамыту жолдары мен әдіс-тәсілдері	247
62	Дарменова А.Е Цифрлану жағдайында білім алушылардың трансверсалды дағдыларын дамытудың маңыздылығы	252
63	Аликулова С. А., Болатқызы А. Аутизм – психикалық дамудың бұзылуы	257
64	Гайбуллаева С. С., Алыбай Ж. Жасөспірімдік агрессия – әлеуметтік-педагогикалық мәселе	261
65	Байқоңырова Ж. Балалардағы дизартрия бұзылысына жалпылама сипаттама	265
66	Ахметова Т.Ш. Интертеймент технологиясының заманауи білім берудегі маңызы	268
3 СЕКЦИЯ. ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТРАНСВЕРСАЛДЫ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМУ БҮЙІНШІ МЕКТЕП МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ТӘЖІРИБЕЛЕРІ		
67	Сламбекова С.Т. Дарынды балалардың әлеуметтік - эмоционалды әл-ауқатын психологиялық қолдаудың ерекшеліктері	273
68	Ныгманбеков К. М. Педагогтердің кәсіби даму мониторингін зерделеу арқылы даму жоспарын әзірлеу	276
69	Мамыракина Ф. С. Тіл сабақтарында бастауыш сынып оқушыларының креативті жазылым дағдыларын дамыту»	280
70	Шаханова Э.А., Сманова Л.У. Влияние стиля воспитания на специфику семейных конфликтов в подростковом возрасте	290
71	Ыбырайқызы А., Нұғыманова Н. Ә. Ертегі - халық педагогикасының көне жауһары	297
72	Тусипжанов Б.А. Кемпіркосақ» бейнелеу өнері үйірмесі	301
73	Аханова А. К. Мағжанның маржан мұрасы	304

2. Головчиц Л. А. Мектепке дейінгі сурдопедагогика: есту қабілеті бұзылған мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу және оқыту. [Электрондық ресурс – - <https://pedlib.ru/Books/3/0273/index.shtml>]
3. Головчиц Л.А. есту қабілеті бұзылған мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеуін дамыту әдістемесі. [Электрондық ресурс – - <https://sdo.mgaps.ru/books/K17/M13/p2/4.pdf>]
4. Зикеев А. Г. есту қабілеті нашар адамдардың сөйлеуін дамыту. [Электрондық ресурс] - <https://studfile.net/preview/5601561/page:7/>
5. Зыков С. А. саңырау балаларға тіл үйрету әдістемесі. Оқу. студенттерге арналған нұсқаулық ақау. факт. пед. ин-тов. [Электрондық ресурс] - https://www.zinref.ru/000_uchebniki/04600_raznie_6/656/001.htm
6. Корсунская Б.Д. саңырау мектеп жасына дейінгі балаларды сөйлеуге үйрету әдістемесі. [Электрондық ресурс] - <https://pedlib.ru/Books/4/0399/index.shtml>
7. Саңырау балаларға арналған мектепте орыс тілін оқыту әдістемесі. [Электрондық ресурс] - <https://pedlib.ru/Books/5/0209/>
8. Носкова Л.П. саңыраулар мектептерінің мектепке дейінгі топтарында тілді оқыту. [Электрондық ресурс] - <https://studfile.net/preview/1720771/page:18/>
9. Носкова Л. П. есту қабілеті бұзылған балалардың сөйлеуін дамыту / / аномальды балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу. [Электрондық ресурс] - <https://vikidalka.ru/2-106283.html>
10. Носкова Л. П. мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеуін қалыптастыру мәселелері [Электрондық ресурс] - https://www.studmed.ru/noskova-l-p-red-voprosy-formirovaniya-rechi-anomalnyh-detey-doshkolnogo-vozrasta_1ae451f0958.html
11. Есту қабілеті бұзылған балалармен және есту аппараттарын пайдаланушылармен қарым-қатынасты жақсарту. [Электрондық ресурс] - <https://www.aussiedeafkids.org.au/enhancing-communication-with-hearing-impaired-children-and-wearers-of-hearing-aids.html>

ҒТАМР 14.43.43

ЦИФРЛАНУ ЖАҒДАЙЫНДА БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ТРАНСВЕРСАЛДЫ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Дарменова Асылкуль Елеуовна
(asto1977@mail.ru)

8D01103 «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасының 1 курс докторанты,
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Астана, Қазақстан

Андапта. Мақалада қазіргі цифрлы қоғамның жоғары оқу орындарында білім алушылардың трансверсальді құзіреттілігін дамытудың маңыздылығы, сонымен қатар, болашақ мамандардың трансверсальді дағдыларының даму деңгейі мен дамытудың мүмкіндіктері қарастырылды. Қазіргі қоғам талабына сай жоғары оқу орындарында білім беру жүйесі білім алушыларды бәсекеге қабілетті тұлға ретінде қалыптасуына бағытталған трансверсальді құзіреттіліктердің компоненттері мен әдістері және олардың білім алушылардың трансверсальді дағдыларын дамытудағы маңыздылығы сипатталды.

Түйін сөздер: трансверсальді дағдылар, 21 ғысыр дағдылары, цифрлық технологиялар, құзіреттер, жоғары оқу орыны, білім алушылар.

Мемлекет басшысы 2020 жылғы «Жаңа жағдайдағы Қазақстан :іс-қимыл кезеңі» жолдауында» кәсіби білім берудің бүкіл жүйесін еңбек нарығында сұранысқа ие білікті мамандар қалыптастыруға бағыттаған дұрыс,себебі болашақ жастарымыз терең білімді болуы үшін кез келген істі жүзеге асыра алатындай кәсіби дағдыларды сертификаттау

мәселелерін қарастыру қажет»деген қорытындысынан, кәсіби білім беруде құзіретті мамандар дайындауды көздейді [1].

Қазіргі цифрландыру және жаһандану жағдайында барлық дерлік салада кәсіби маман болу белгілі бір құзыреттерді, қабілеттерді дағдыларды қажет етеді

Бүгінгі таңда білім алушылардың цифрлық технологияларды олардың мүмкіндіктері мен әсерін, құрылғылардың, желілердің және бағдарламалардың базалық қызметі мен қолданылуын; технологияларды белсенді азаматтықтық позицияны және әлеуметтік инклюзияны қолдау үшін қолдану дағдысы және жеке, әлеуметтік немесе коммерциялық мақсаттарға жету үшін ынтымақтастық және шығармашылық көзқараста болуы, сондай-ақ ашық көзқарас және визуализацияғы талап ететін цифрлық құзіреттерін (digital competence) қалыптастыруға ерекше көңіл бөлінуде.

Білім беру үдерісінде осы құзыреттердің дамуы компьютерлер мен ұялы телефондарды қолдану арқылы ғана емес, сондай ақ мамандыққа бағытталған түрлі тапсырмаларды орындау үшін нақты пәнге арналған бағдарламалар, қосымшалар, әлеуметтік желілерді қолдану арқылы да мүмкін болады.

«Құзыреттілік» ұғымының кең таралымына қарамастан, бұл ұғымның мәні терең ғылыми талдауларды және оны негіздеуді талап етеді. Сондықтан да талдау ең алдымен, қолданыстағы ұғымның не екендігіне жауап іздеуден басталады. «Құзырет» пен «құзыреттілік» түсініктерін анықтауда салыстырмалы түрде талдау жасалған, оларды көптеген ресейлік және шетел зерттеулерінен (И.А.Зимняя, В.И.Байденко, Н.А.Гришанова, Д.А.Махотин, О.Е.Лебедев, С.Адам, У.Клемент және тағы басқалардың еңбектерінен «Құзырет жеке тұлғаның бойындағы бір-бірімен тығыз байланысты қасиеттердің (білім, дағды, іскерлік, әрекет ету қабілеті) жиынтығы болса, құзыреттілік – адамның осы қажетті қасиеттерді белгілі мәселені шешуде пайдалана білу қабілеті» деп анықтайды [2].

Білім алушылар алдын ала болжау мүмкін емес. көптеген жағдайларды шешуге мүмкіндік беретін құзыреттерді меңгеруі керек. Құзыреттерді екі түрге бөлуге болады: кәсіби және жалпы немесе трансверсалды құзіреттер. Бірінші түріне кәсіби әрекетке тікелей қатысы бар құзіреттер, ал трансверсплды құзыреттерге жеке тұлғаға қатысты кәсіби іс-әрекетті толықтыратын когнитивтік, әлеуметтік, көзқарастық немесе бағалаушылық сипаттағы құнды қасиеттер жатады [3].

Негізгі құзыреттер өмір бойы әртүрлі ортада ресми және бейресми оқыту арқылы – үйде, оқу орнында, жұмыс орнында немесе басқа орындарда дамиды. Білім алушы пәнаралық және халықаралық топтардағы жұмыстарға дайын болу керек. Бұл студенттерде цифрлық дағдылары, танымдық белсенділігі, азаматтық құзыреттерімен қоса трансверсалды дағдыларды дамытуды талап етеді (ағыл. Transverse competence).

Алғаш «Трансверсальді құзыреттілік» концепциясы 1970 жылдардың басында Еуропадан бастау алған. Ал аталған концепция 1972 жылы Э.Фордың «Learning to be: The World of Education Today and Tomorrow» атты баяндамасында қолданылды. Автор бұл тұста, негізгі жеке екі идеологияны ұсынған болатын, «үздіксіз білім алушы» және «білім алушы қоғам» [4]

Бүгінгі таңда жоғары оқу орындарының басты мақсаты – қоғамды мамандармен қамтамасыз ету ғана емес, сонымен қатар қоғамның барлық қажеттіліктерін қанағаттандыру, цифрлық технологияларды пайдалану, еңбек нарығында икемділік пен шығармашылықты қалыптастыру, мәдениетаралық білімі бар, ұжымда жұмыс істеуге қабілетті, азаматтық және кәсіби дағдылар арқылы өз бетінше шешім қабылдау дағдысы қалыптасқан мамандарды дайындау [5].

Линда Граттонның айтуынша трансверсалды құзыреттіліктерді дамытудың маңыздылығы ең алдымен технологияның өзгеруіне байланысты: технологиялық даму тез және біздің өміріміздің барлық аспектілеріне әсер етеді [6].

И. Фрумин, М. Добрякова, К. Бараннаков, И. Реморенко, "XXI ғасырдың дағдылары" үшін әртүрлі терминдерді қолданудағы айырмашылықтарды анықтаса (икемді дағдылар, әмбебап әрекеттер және т. б.), терминологияда «key competencies» терминін ұстануды

ұсынады және бұл термин еуропалық стратегиялық құжаттарда әр маманға еңбек нарығында, әлеуметтік инклюзия мен белсенді азаматтықты дамыту және өзін-өзі жүзеге асыру үшін қажет деп белгілеу үшін дәйекті түрде қолданылатынын атап өтеді [7]. Трансверсальды дағдылар – бұл әрбір жұмыс үшін құнды дағдылар, кәбінесе табысты анықтайтын дағдылар. Бұл дағдылар әр түрлі рөлдерде, әр түрлі салаларда және әр түрлі кәсіптерде қолдануға болатын көп мақсатты болып табылады. Неліктен мұндай дағдылар маңызды? Жоғары мамандандырылған кәсіби дағдылар бәсекелестік артықшылықты орнату және ұйым ішіндегі белгілі бір рөлде табысқа жету үшін маңызды болуы мүмкін болса да, трансверсальды дағдылар адамның ұзақ мерзімді перспективада әрқашан сұранысқа ие болуын қамтамасыз ете алатын дағдылар болып табылады.

Трансверсальды дағдыларды қалай қалыптастыруға болады? Әр адамда трансверсальды дағдылар бар және олар өмір бойы, ерте балалық шақтан және мектептен бастап университет арқылы, ресми және басқа оқыту түрлері арқылы, оқу, әлеуметтік қызмет, кәсіби қызмет және жалпы өмір сүру арқылы алынады. Трансверсальды дағдылардың тізімі үлкен болса да, оларды әдетте бес негізгі санатқа топтастыруға болады. Жоғарыда аталған ЮНЕСКО жіктелісінен бөлек, Ч.Фадель, М.Бялик, Б.Триллинг, Т.Моника, О.А. Дуа, Дж.Ф. Йоханссон, П.Мерфи, В.А. Кононова және т.б. ғалымдар трансверсальді дағдыларды келесідей түрде де жіктелістейді:

Тұлғааралық дағдылар: бұлар айналасындағылармен оң қарым-қатынас жасауға, оларға оң әсер етуге және шабыттандыруға мүмкіндік беретін дағдылар тобын білдіреді. Мұның бірнеше мысалдары: дипломатиялық дағдылар, коучинг дағдылары, тыңдау дағдылары, ынтымақтастық дағдылары.

Аналитикалық дағдылар: мәселелерді анықтауға және талдауға, шығармашылық, инновациялық және практикалық мәселелерді шешуге мүмкіндік беретін интеллектуалды дағдыларды қамтиды.

Техникалық дағдылар: бұларға компьютердің жұмысын жақсы білу, арнайы машиналарды, бағдарламалық жасақтаманы, аппараттық құралдарды пайдалану, бір нәрсені дамыту немесе жандеу қабілеті сияқты практикалық, тікелей дағдылар жатады.

Ұйымдастырушылық дағдылар: бұл дағдылар деректерді сұрыптауға, жобаларды немесе ресурстарды жоспарлауға және бөлуге, дәл, тиімді, қолдануға оңай және бірнеше ресурстар немесе тапсырмалар арасында үйлестіру үшін есеп жүргізуге мүмкіндік береді. Мысалы: басымдықтарды анықтау, уақытты басқару, тапсырмаларды басқару, ресурстарды басқару, үйлестіру дағдылары.

Жеке қасиеттер: олар адамның жұмыс орнындағы мінезіне байланысты дағдылар тобын қамтиды. Мысалы: адалдық, сенімділік, дәлдік, еңбекқорлық, шешім қабылдау қабілеті [8].

Трансверсальді дағдылардың терминология мен классификациясы әртүрлі болғанымен, нақтыланған зерттеулерде көрсетілгендей, ең алдымен жеке тұлғаның жұмысқа қабілеттілігін арттыратын іскерлік құзіреттілігінен көрініс табады. Бұған қоса, басқада ерекше дағдылар жиынтығы ретінде де қарастырылуда. Сондай-ақ, трансверсальді дағдылар - ХХІ ғасыр дағдылары, икемді дағдылар (soft skills) және «ғаламдық дағдылар» деп те қолданылуда. Олар сыни тұрғысынан ойлау, көшбасшылық, ақпараттық-цифрлық құралдарды жете меңгеріп, пайдалану, мәселелерді шешу және командада жұмыс істеу қабілеттерін құрайды. [9]

Трансверсалдық дағдыларды пәндер бойынша түрлі тақырыптарды өту барысында оқу үдерісіне кіріктіруге болады. Еуропа елдерінің университеттерінде трансверсалды дағдыларды дамытудың негізгі үлгісі ретінде өздігінен білім алуды, өмір бойы білім алуды және қол жетімді сансыз ақпараттардан қажетін таңдау мүмкіндігін алады. Бұл жағдайда құзыреттіліктерді қалыптастыру жоғары білім оқу жоспарындағы ең маңызды элементіне айналады. Бұл оқу іс-әрекетінде және ары қарай кәсіби салада осы құзыреттердің дамуын ынталандыратын тәсілдерді қамтитын күрделі процесс.

Оқыту белсенді теориялық компонентін қолдану арқылы нақты кәсіби тәжірибеге негізделген. Нақты жағдыттар мен мәселелерге негізделген жобалау жұмыстарын PBL (Project based learning) ғылыми-техникалық ғана емес, сонымен қатар білім алушылардың трансверсалдық даңдыларының дамуына ықпал ететін сәтті үлгі немесе әдісі ретінде алуға болады. Жобалау оқыту әдісі білім алушылардың трансверсалдық дағдыларын дамытуда, коммуникациялық дағды, сыни ойлау, дұрыс шешім қабылдай алу,, нәтижелерді талдай алу сияқты трансверсалдық дағдыларды дамытады. Сондай ақ осы сынды оқытудың басқа да топтық формада жүзеге асырылатын әлістерді қолдануға болады.

Жобалық оқытудың артықшылығы әр түрлі жұмыс кезінде оқушылардың білімнің өзара байланысын сезінуі. Бұл тәсіл топта жұмыс істей білу және мәселелерді шешу, әртүрлі көзқарастарды қабылдау және сыни тұрғыдан ойлау сияқты бірнеше трансверсалды құзыреттерді дамытуға септігін тигізеді. Оның үстіне белсенді оқыту әдістері өзара тығыз әрекеттесуге ықпал етіп, студенттердің үлгерімін, қиындықтары мен әлсіз жақтарын жеке бағалауға мүмкіндік береді, осылайша академиялық сәтсіздік жағдайды болдырмайлы немесе азайтады [10].

Жобалау жұмысы әдістемесі келесі кезеңдерден тұрады:

1. Мәселені таңдау және оның нықты жай-күйін анықтау
2. Мәселенің туындау себебін талдау
3. Мәселенің шешілу мүмкіндіктері
4. Мәселені шешудегі іс-әрекетті жаспарлау
5. жоспарланған іс-әрекетті орындау және бағалау
6. Нәтижені талдау және талқылау
7. есеп жазу
8. Нәтижелерді әрі қарау қолдану

Оқу үдерісінде осындай оқытудың интегративті белсенді әдістерін қолдану білім алушылардың келесі трансверсалды дағдылардың қалыптасуына:

- мәдениетаралық дағдылар;
- сыни ойлау
- икемділік пен бейімделу;
- стратегиялық және инновациялық ойлау;
- ұйымдастырушылық дағдылар және уақытты жоспарлау;
- шешім қабылдау қабілеті;
- командада жұмыс істеу қабілеті;
- эмпатия / қарым-қатынас құра білу;
- мәселелерді шеше білу;
- оқытуға бағдарлау;
- келіссөздер жүргізу дағдылары;
- көшбасшылық дағдылар;
- ақпаратты жинау және өңдеу қабілеті

Трансверсалдық құзыреттіліктері оқу үдерісі кезінде интеграциялық оқыту тапсырмаларын орындау кезінде кәсіби құзыреттіліктермен бірге дами алады және құзіреттің басқа түрлермен тығыз байланысып, тіпті олардың сәтті қалыптасуына ықпал етеді. Трансверсалдық құзіреттілікті қалыптастыру білім алушыларға жұмысқа тұрғанда жаңа жағдайларға бейімделуге мүмкіндік береді, өйткені олар топпен де жеке де жұмыс істей алады, мәселелерді шеше алады, әртүрлі көзқарастарды қабылдай алады және бағалай алады және өмір бойы оқуға ынталы.

Трансверсалды дағдыларды дамытуға бағытталған оқу іс-әрекетінің түрлері:

- Коммуникациялық дағдылар:
 - ауызша тесттер (тыңдау және сөйлеу);
 - презентациялар (ауызша, жазбаша);
 - рөлдік ойындар, диалогтар;
 - сабақта ресми тілді модельдеу;

- айтылғанды қорытындылау;
- дебаттар;
- жұмыстарды, сайттарды салыстыру;
- өзара бағалау.
- Сыни тұрғыдан ойлау және проблеманы шешу дағдылары
- технологиялық мәселелердің шешімдерін салыстыру және балама нұсқаларын табу ;
- диаграммаларды, графиктерді, статистиканы және т.б. түсіндіру;
- шегінен шығатын және жоғары деңгейге бағытталған сұрақтар ойлау;
- әртүрлі ұғымдар туралы жаңа түсініктерді дамыту;
- студенттерді ақпарат жетіспейтін мысалдарымен қамтамасыз ету;
- әртүрлі тестілеу әдістерін ұсыну;
- кейс шешу – ұсыныспен нақты жағдайларды зерттеу
- оңтайлы шешімдер.
- Топтық жұмыс:
- әр топ мүшесіне бірдей тапсырма беретін топтық тапсырмаларды құру;
- топтық тапсырманың мақсатын және оның қалай бағаланатынын түсіндіру;
- топқа тиімділікті бағалау мүмкіндігін беру
- ынтымақтастық.
- Үздіксіз жаттығу:
- электронды пошта арқылы үй тапсырмасын жіберу;
- презентацияларды әзірлеу;
- электронды ресурстар арқылы мұғалімдермен байланыс;
- ақпаратты өз бетінше оқу, әдебиеттерді оқу;
- әртүрлі материалдарды (мақалалар, блогтар) өз бетінше оқу.
- Кәсіпкерлік дағдылар:
- табысты кәсіпкерлер мен стартаптардың өмірбаяндарын оқу;
- технологиядағы кәсіпкерлік тәжірибесін зерттеу;
- рөлдік ойындар
- Кәсіби этика:
- рөлді ойын;
- дебаттар;
- моральдық мәселелерге байланысты әртүрлі жағдайларды фокус-топтық талқылау

және технологиялық қызмет этикасы.

- Көшбасшылық дағдылары:

- оқушыларға тапсырмалар мен ассоциация карталарын беру, ерекшелену маңызды ақпарат;
- оқу мақсаттарын, жаңа идеялар мен дағдыларды жазу;
- тапсырмаларды орындау мерзімдерін сақтау.

Осылайша, жоғары оқу орны түлектерінің кәсіби қызметіндегі жетістігі олардың коммуникативті дағдылар, сыни тұрғыдан ойлау, ақпаратты табу және өңдей алу, үнемі өзін-өзі дамытуға ұмтылу, көшбасшылық сапасы және т.б трансверсалдық дағдылардың даму деңгейіне байланысты,.

Сондай-ақ, трансверсалды дағдылар – ХХІ ғасыр дағдылары, жұмсақ дағдылар (soft skills) және ғаламдық дағдылар деп те қолданылуда. Трансверсалды дағдылар – нақты бір салада кеңінен қолданысқа еніп, қарыштап дами отыра, басқа сфераға оңай бейімделе алатын қабілеттер жиынтығы. Бұл дағдылар жеке тұлғалар үшін тек оқу немесе қызмет барысында ғана емес, күнделікті өмірде де нәтижелі жұмыс болуы үшін қажет [11]

Қорытындылай келе, университет қабырғасындағы студенттерге трансверсалды құзіреттіліктер қалыптастыру еңбек нарығына шыққан кезде бәсекеге қабілетті бола алады деп қорытынды жасауға болады. Мұндай дағдыларды меңгерген құзіретті түлектерді жұмыс берушілер декөбірек іздейді, өйткені олар жұмысшыларға бәсекелестік, жылдам

экономикалық, демографиялық, технологиялық және экологиялық өзгерістер жағдайында күнделікті қиындықтарды жеңуге мүмкіндік береді.

Пайдаланған дереккөздер тізімі

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2020 жылғы 1 қыркүйек
https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-2020-zhylgy-1-kyrkuiek
2. Байжұманова Н.С. Кәсіби құзыреттіліктерді қалыптастыру ерекшеліктері//Қарағанды университетінің хабаршысы.-2009
3. Шульц О. Н., Ильина Н. Н. О возможности формирования трансверсальных компетенций в профессионально-педагогического вузе// Инновации в профессиональном и профессионально-педагогическом образовании. Материалы 26-й международной научно-практической конференции. том 2. под научной редакцией В.А. Федорова. Екатеринбург, 2021
4. Monica Tilea, Patrick Murphy. Transversal skills development in modern teaching practice, a good practice guide. București: Pro Universitaria. –2015.–36-49.
5. О.Мухидова. Формирование трансверсальных компетенций – приоритетная задача преподавателей высшей школы/Общество и инновации. -2021. С.395-398
6. Gratton, L. The Shift. The Future of Work is Already Here. – London: William Collins Publishing, 2014.
7. В.А. Кононова. Трансверсальность:эволюция термина через призму корпусов и других контекстов//Вестник Пермского университета.Российскаяизарубежнаяфилология.– 2020.–Т.12.–№.2.–С.34-42
8. Г.Х. Сарсенбаева, А.Е. Жумабаева .Ұлттық құндылықтар негізінде болашақ бастауыш білім педагогтерінің трансверсальді дағдыларын дамытудың мүмкіндіктері/Абай атындағы ҚазҰПУ-ң ХАБАРШЫСЫ «Педагогика ғылымдары» сериясы, №1(77), 2023 ж.
9. Альдибекова Ш.Н., Капсанова Г.Б., Жұбандыкова А.М.«Жеке тұлғалық дамыту негіздері» пәнін оқытуда студенттердің трансверсальді құзіреттіліктерін қалыптастыру/Вестник КазУМО и МЯ имени Абылай Хана. -2024
10. Фахретдинова Г.Н., Дулалаева Л.П., Зиннатуллина Л.М., Царева Е.Е. Важность развития трансверсальных компетенций в системе высшего образования стран Евросоюза/Тенденции развития науки и образования. Казанский национальный исследовательский технологический университет (Россия, Казань). - 2020. - С.31-36
11. Отарова Т.Н. Трансверсалды құзыреттілік: білім беру жүйесіндегі маңыздылығы/Вестник ЕНУ ти.Л.Н. Гумилева.Педагогикалық ғылымдар сериясы. №1 (66)